

**Выступление Председателя Правления
Института внешнеполитических исследований
Б.Нургалиева на экспертной встрече «Государственная
граница-основа территориальной целостности и
безопасности», г.Астана, 15 февраля 2023 года**

Қайырлы күн, қымбатты достар! Тұңғыш Президент кітапханасының бүгінгі кездесуді «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» Заңының қабылдануының 30 жылдығына арнаған бастамасы барлық қолдауларға лайық. Әрине, бұл жан-жақтан өте маңызды тақырып.

Мемлекеттік шекараларды заңды түрде ресімдемей егемендікті толық деп санауға болмайды, бұл мәселенің өзектілігін түсіну Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың және сол кездегі Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігі мен сыртқы саясаты мәселелерімен айналысқан адамдардың мемлекеттік даналығының дәлелі болды.

Руководство нашей страны на самом раннем этапе независимости поставило задачу четко определить государственные границы и обеспечить их международное признание. Не секрет, что в тот период среди части правительственного аппарата бытовало представление, что пограничный вопрос можно отложить «на потом», после решения социально-экономических проблем. Между тем, успешная реализация экономических задач была бы невозможной без создания пояса безопасности, дружбы и добрососедства по периметру границ Казахстана.

Обеспечив главное – международное признание суверенитета и территориальной целостности, мы заложили прочный фундамент, на котором можно выстраивать социально-экономическое благополучие всех

казахстанцев. Как было подчеркнуто президентом Касым-Жомартом Кемелевичем Токаевым: «Будущим поколениям передается четко определенная, должным образом оформленная, защищенная нормами международного права государственная граница Республики Казахстан».

Менің жақсы жолдасым, тәуелсіз Қазақстан Шекара қызметінің тұңғыш қолбасшысы генерал-лейтенант Закиев Болат Сейтқазыұлы сараптамалық кездесудің қатысушыларына ыстық сәлем жолдауды өтінді. Мемлекеттік шекара туралы заңды әзірлеу және сол кездегі Жоғарғы Кеңестің алдында оны қорғау процесі туралы оның естеліктерінен мен өзімнің ойларыммен бөліскім келеді.

В Законе детально прописаны принципы и система охраны госграницы, но линия, определяющая пределы территории страны – то есть суши, вод, недр и воздушного пространства – это вопрос прежде всего политический. До августа 1992 года существовал объединенный Государственный комитет по охране внешних границ Содружества Независимых Государств, но уже на том этапе было понятно, что эта схема временная и чем раньше приступим к обустройству границы с соседними странами, тем эффективнее сможем обеспечить национальную и экономическую безопасность. На тот момент актуальными были вопросы борьбы с экономической контрабандой, транзитом наркотиков, нелегальной миграцией. Финансовые возможности страны в начале 90х были сами знаете какие и потому нужно было проявить немалое дипломатическое искусство и дар внешнеполитического предвидения, чтобы определить, на какие затраты целесообразно пойти при обустройстве государственной границы с тем или иным соседом, а на

каких направлениях можно сэкономить. Одно дело – границы с членами будущего единого таможенного пространства, другое – делимитация, демаркация, а также обустройство пунктов пропуска на границе с таким мощным и перспективным экономическим партнером, как Китайская Народная Республика.

1994 жылғы сәуірде Қазақстан мен ҚХР арасында мемлекеттік шекарасының өтуі туралы қол қойылған келісімнің саяси маңыздылығын ерекше атап өтуге жөн. Бұл мәселені әділ және ұтымды шеше отырып, екі ел де өзара аумақтық шағымдар негізінде қақтығыстардың туындау мүмкіндігін жойды. Осының нәтижесінде мүшелік құрамы бір-бірімен ортақ шекараның болуымен анықталатын Шанхай Ынтымақтастық Ұйымын құрудың алғышарттары пайда болды. Шанхай Ұйымы елдері егемендік пен аумақтық тұтастықты құрметтеу, бір-бірінің шекараларының мызғымастығы сияқты халықаралық құқық қағидастарын қорғауда бір ұстанымды тұтынады.

После подписания лидерами «каспийской пятерки» в 2018 году Конвенции о правовом статусе Каспийского моря границы Казахстана не только на суше, но и на море были окончательно определены, что критически важно для реализации наших энергетических и логистических проектов, привлечения зарубежных инвестиций.

Казахстан стал первым постсоветским государством, которое, завершив международно-правовое оформление, полностью и окончательно определило свои границы по всему периметру национальной территории. Мы хотим, чтобы другие центрально-азиатские республики использовали позитивный опыт. Так, в ходе IV консультативной встречи глав государств Центральной

Азии в Чолпон-Ате наш Президент предложил создать площадку, на которой странами Центральной Азии будут выработаны взаимоприемлемые подходы к делимитации границ. Казахстан выразил готовность оказать посильное содействие в поиске конструктивных решений по урегулированию спорных вопросов в духе подлинного добрососедства и уважения фундаментальных принципов международного права. Добавлю, что в процессе переговоров по пограничным вопросам формировалась та позитивная, конструктивная атмосфера взаимоотношений, которая присуща стратегическому партнерству Казахстана с Россией, Китаем, странами Центральной Азии и Прикаспийского региона. Одним из основных принципов международного права является постулат «Пакта сунт серванда» (договоры должны соблюдаться). **Қазіргі геосаяси жағдайда осы жәйт әсіресе өзекті болғаны баршамызға анық.**

Заңды түрде ресімделген шекараның болуы – тәуелсіз мемлекеттің аумақтық тұтастығы мен қауіпсіздігінің негізі, бейбіт өмірдің, тату көршіліктің және барлық іргелес елдермен конструктивтік ынтымақтастықтың кепілі. Өйткені, Мемлекеттік шекара Әнұран, Ту және Елтаңбамен бірге мемлекет тәуелсіздігінің басты атрибуттарының бірі, көршілермен жанжалсыз және өзара тиімді өмір сүрудің негізі болып табылады. Қазақстанның дипломатиялық қызметіне 30 жыл толғанына арнаған мақаласында Сыртқы істер министрі Мұхтар Бескенұлы Тілеуберді жазғандай, сыртқы саясатымыздың ең маңызды жетістіктерінің арасында мемлекеттік шекараны заңды түрде рәсімдеуі басты орын алатыны талассыз.

Назар аударғаныңыз үшін рахмет!